

26 Қыркүйек
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«САРТАЙ БАТЫР» ТУРНИРИ ЖЕҢІСТІ ЖОЛДЫҢ БАСТАУЫ БОЛҒАҰ!



Өткен аптада Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің дене шынықтыру және сауықтыру кешенінде «Ерен еңбегі үшін» медалының иегері,

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты жерлесіміз Асылхан Төлеповтың жүлдесі үшін еркін күрестен жасөспірімдер арасында респу-

бликалық «Сартай батыр» турнирі өтті.

Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев алды Астана, соңы іргелес ау-

дандардан келген балғын палуандарға боз кілемде сәттілік тілеп, мәртебелі қонақтарға естелік сыйлықтар табыстады. Турнирге арнайы келген Асылхан Төлепов болса, туған жерінің төсінде басталған жарысқа үлес қосқан азаматтарға алғысын айтты.

Өзіміздің облысты айтпағанда Астана мен еліміздің батыс аймағындағы облыстардан он екі командадан 200-ден астам балғын палуан қатысқан байрақты бөсекеде ойылдық өрендер үш салмақ категориясы бойынша жеңіс тұғырынан көрінді. Мәселен, 2010-2011 жылғы жасөспірімдер арасында 38 кг-да Нұрсұлтан Махатовтың шәкірті Нұртілек Аманғосов белдескендерінің бәрін жеңсе, Еркебұлан Боранғалиевтің шәкірті 57 кг-да Нұрсұлтан Жұбановқа тең келер ешкім болмады.

Ал, 2012-2013 жылдар туғандар арасында 40 кг-нан жоғары салмақта жерлесіміз Ислам Мақсат ойылдықтардың мерейін өсірді. Жас ерекшеліктеріне қарай екі топта он салмақ дәрежесі бойынша екі күн бойы Ойылды дүбірге бөлеген жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ұйымдастырушылар тіккен ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Сонымен қатар, төрешілер алқасының шешімімен «Үздік әдіс», «Жеңіске деген жігері үшін», «Тартысты белдесу», «Көрермен көзайымы» және «Үміт» номинациялары бойынша үздіктер де бағалы сыйлықтармен марапатталды.

ҚЫЗМЕТ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТІН МЕРЕҮІ

ӨЛЕМДЕГІ БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ДАМУ ЖОЛЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҚОСАР ҮЛЕС САЛМАҒЫ ЕРЕКШЕ. ЕЛІМІЗ ТӨУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН БЕРГІ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ОДАН ӨРІ НЫҒАЙТУ ХАЛЫҚҚА ЖӨНЕ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІ БАРЛЫҒЫНАН ЖОҒАРЫ ҚОЯТЫН КӘСІПҚОЙ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА БІРНЕШЕ РЕФОРМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫП, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ ӨЗІРЛЕНДІ.



Бүгін аудан әкімдігінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Талант Медет аудандағы мемлекеттік қызметшілермен кездесті.

Талант Бақбергенұлы өз кезегінде кәсіби мемлекеттік қызметшінің міндеті мен әдеби және оларға қойылатын талаптар туралы баяндап, ауылдық, аудандық деңгейге жұмыс жасауға баратын жас мамандарға жасалатын жеңілдіктер жайын тілге тиек етті. Сонымен қатар, бүгінде елімізде мемлекеттік қызметшінің жағымды бейнесін қалыптастыру және мемлекет дамуына сапалы үлес қосу бағытында кешенді жұмыстар жасалынып жатқанын жеткізді.

-Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс барысындағы басты құралы – Әдеп кодексі, ол – жауапкер-

шілік жүгін арттыратын, талаптар ауқымын белгілейтін маңызды құжат. Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық келбетін ғана емес, сондай-ақ олардың өзін-өзі ұстау мәнерінің базалық стандарттарын бекітеді.

Мемлекеттік қызметшілер өздерінің күнделікті жұмысында қарапайымдылық, әділдік, адалдық секілді принциптерді ұстануы керек, - деген ол ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы. Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отырғанын нақты мысалдармен жеткізді.

Ашық пікір алмасу форматында өткен кездесу соңында мемлекеттік қызметшілердің сауалдарына жауап берді.

БИ ПАДИШАСЫНА ҚҰРМЕТ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ БАСТАЛДЫ

ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ КӨНЕ ТҮРІНІҢ БІРІ – ҚАЗАҚТЫҢ БИ ӨНЕРІ. ОНЫҢ ТҮП-ТАМЫРЫ ҒАСЫРЛАР ҚОЙНАУЫНАН НӨР АЛАДЫ. ОҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ӨТКЕН ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТЕТІН ТАСТАҒЫ СУРЕТТЕР МЕН ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ ДӨЛЕЛ. ОСЫ ТҰСТА, БИЫЛ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛҒАН ЖЕРЛЕСІМІЗ, НҰРСҰЛУ ТАПАЛАОВАНЫҢ ДА БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАНЫ СӨЗСІЗ!



Нұрсұлу Тапалова 1923 жылы 13 қыркүйекте Ақтөбе облысының Ойыл ауданында өмірге келген. Елубайдың талапты қызы мектеп қабырғасында жүргенде-ақ өнерге бет бұрып, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысты. 1934 жылы Алматыдан жаңа құрылған Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі Ойылға гастрольмен келеді. Ұжымды ұйымдастырушы және басқарушы А.Жұбанов бастап келген өнерпаздар ойылдықтарға үш күн рухани ләззат сыйлап, ауылды мерекеге бөлейді. Осы сапар күндері алдарында билеген 11 жастағы Нұрсұлудың

талантын байқаған Ахмет Жұбанов оны өнер деген үлкен салаға бағыттап, оған кәсіби білім алуға жол сілтейді.

Қазақ би өнерінің қалыптасуына үлес қосып, ел мәдениетінің дамуына аянбай тер төккен саңлақтардың елеулі есімдері қашан да тарих қойнауында жаңғырып тұратыны анық. Тарихқа кез жүгіртсек, ұлттық өнердің өркендеуіне үлес қосқан өткен ғасырдың отызыншы жылдары елдің білікті де өнерлі азаматтары бас біріктіріп, өмір сахнасында тәрбиеленіп, сахна саңлақтарының қатарына қосылды. Одан әрі өз-

дерінің түйгенін келер ұрпаққа насихаттап, өскелең жастарды тәрбиеледі.

Қазақ биінің әр қимылында, иірімінде өмір бар екенін, оның түп-тамырында үлкен тарих, әдет-ғұрып жатқанын көрсете білген жерлесіміз халық билеріне жаңа дем берді. Белгілі бір биді сахналар алдында оның астарына терең үңіліп, бала күнінде көрген ою ойу, ұршық иіру, текемет басу, жүнді сабау сынды ұлттық көпөнермен ұштастыра білді. Өзінің талапшылдығы мен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде 1947 жылы 24 жасында «Қазақ КСР еңбек сіңірген артисі» атағы берілді. 24 жасында 1947-1949 жылдары Алматы қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды.

Бүгін бишінің туған жерінде туғанына 100 жыл толуына орай аудандық Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің ұйытқы болуымен «Би падишасы – Нұрсұлу» атты тарихи-танымдық шарасы өтті. Шараның шымылдығын ашқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев Нұрсұлу Елубайқызының қазақ биіне жаңа тыныс бергенін айта келе, «Би өнері қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан мәдени мұрасы. Қазақтың ұлттық билерінде өзінің эстетикалық болмысына сай қазақ жұртының жалпы дүниетанымын, арман-мұраттарын бейнелейтін

қимылдар жүйесі қалыптасқан. Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан. Бүгінде би өнері халықтың тыныс-тіршілігін, дүниетанымын айшықтайтын өнер түрі ауданда да жаңаша сипатта өркендеп, дамуда» - дей келе, Нұрсұлудың көзін көрген тәл шәкірті, жерлесіміз Гүлжан Сағынованың омырауына «ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тақты.

Көрермендер даңқты биші туралы дайындалған деректі фильм арқылы бекзат өнерді серік еткен бишінің өнердегі де, өмірдегі де көпшілікке беймәлім белесі туралы білді.

Танымдық кеш «Жұмбақ әлем» атты аймақтық би байқауымен жалғасты. Нәтижесінде жүлделі үшінші орынды Аллағұл Ержанова жетекшілік ететін ойылдық Үлгілі «Маржан» би ансамблі еншілесі, екінші орынға қобдалық Халықтық «Қарлығаш» би ансамблі ие болды. Бірінші орынды Ақтөбе қаласы «Геолог» мәдениет үйінің жанындағы Үлгілі «Арай» би ансамблі лайық болса, бас жүлдені Алға ауданы Маржанбұлақ ауылынан келген Жансұлу Аңсатова жетекшілік ететін «Алтынай» би ансамблі жеңіп алды. Жеңімпаздардың барлығы ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

МАРАПАТТАР ҒАҒЫЗ ИЕСІН ТАПТЫ. ЖЕРЛЕСІМІЗ ҮШ ТӨСБЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Ел бірлігі мен дамуына үлес қосып, халық алғысын арқалап жүрген Ақтөбенің №2 қалалық полиция бөлімінің учаскелік инспекторы Дастан Сұлтанғалиев жуырда «Ел жанашыры», «Қазақстан патриоты», «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгілерімен марапатталды. Азаматтық қоғаммен ұсынылған бұл лайықты марапаттар полицияға Алматы, Астана және Ақтөбе қалаларында табысталды.

Полиция майоры Дастан Данаұлының азаматтық қасиеттері мен қызметіне адалдығы халық арасында кеңінен тараған. Ержүрек полицей бірде өртке оранған 9-қабатты үйге қойып кетіп, адамдарды тілсіз жаудан аман алып шықса, енді бірде 8-қабаттан секіру арқылы өзіне өзі қол жұмсағалы тұрған 4 баланың анасын жанкештілікпен құтқарып қалған.

Құналған жанның барлығына қол ұшын созуға дайын Дастанның қамқорлығының өзі бір төбе. Мысалы, 2020 жылы учаскелік инспектор Дастан Сұлтанғалиев

отбасындағы жанжалдан кейін баратын жері мен қаражаты болмаған, әрі пандемияға байланысты Шымкентке қайта алмаған ана мен баланы екі аптадан аса уақыт уақытша баспанамен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп, әрі қарай Шымкентке шығарып салса, осы жылдың қыс айында немесі үйінен қуып шығып, баратын жері болмаған 80 жастағы қарт ананы өзі көпбалалы отбасымен тұрып жатқан 1 бөлмелі пәтерінде бірнеше ай бойы паналатып, қамқорлығына алған, сондай-ақ, өткен жылдың қыс айында үйі өртеніп далада қалған көп балалы отбасын да уақытша баспана тауып орналастырған.

«Халықпен жұмыс жасаған өзіме қатты ұнайды. Барлық адамдар бір-біріне көмектессе, батыл, әрі мейірімді болса, қиындыққа тап болғандарға қол ұшын созса, әркім өз ісімен сүйіп айналысса деймін.

Өз балаларымды да соған тәрбиелеуге тырысудамын» - дейді үздік учаскелік полиция инспекторы, бес баланың әкесі Д.Сұлтанғалиев.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2023

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІН САЙЛАУ Ойыл ауданының учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары

№ 389 учаскелік сайлау комиссиясы

Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332)2-18-99
Ерменова Райхан Есенқызы - төраға
Нұржанов Сансызбай Құмарұлы - төрағаның орынбасары
Төреғалиев Наурызбай Базарғалиұлы - хатшы

Комиссия мүшелері:

Айдашев Абат Жауғашарұлы
Ізімбетова Айжан Рахметоллақызы

№ 390 учаскелік сайлау комиссиясы

Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж.Жүсібадиев атын-
дағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты,телефон: 8 (71332)2-17-30
Досымбаева Мира Бауыржанқызы - төраға
Сағынғалиев Рүстем Темірұлы - төрағаның орынбасары
Алдабергенова Нұргүл Бисенбіқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Дүйсенғалиева Күнсая Құмарқызы
Мерғалиева Зайда Садыққызы

№ 391 учаскелік сайлау комиссиясы

Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла»
мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332)2-20-14
Сейталипа Мейрамгүл Қайырбекқызы - төраға
Рысқалиев Талғат Мақсатұлы - төрағаның орынбасары
Нұрманова Диана - комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері

Сүйеинов Исатай Қонашұлы
Шотпанова Гаухар Ардаққызы

№ 392 учаскелік сайлау комиссиясы

Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52
Садақбаева Гүлмира Таңжарбайқызы - төраға
Тұмышев Нұрболат Бітімбайұлы - төрағаның орынбасары
Қаумешова Есенгүл Сағынбайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Елекбаева Дархан Саматқызы
Хамитов Әйтеке Мергенбайұлы

№ 568 учаскелік сайлау комиссиясы

Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19 «Ойыл денешынықтыру-са-
уықтыру көшени» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-09
Әлжанов Мұрат Шынғысұлы - төраға
Байманова Гүлзия Ғафурқызы - төрағаның орынбасары
Бисекенова Гүлнара Берікқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Мусина Эльмира Нұрханқызы
Нұрмұханов Наурызбай Сәкенұлы

№ 393 учаскелік сайлау комиссиясы

Екпетал ауылы, Жасыл ел 21, «Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты,телефон: 8 (71332) 72-1-47
Жұмағұлова Гүлнұр Амангелдіқызы- төраға
Сенғалиев Темірбек Әділбекұлы-төрағаның орынбасары
Ітібаева Гүлгүл Қуанышбекқызы- хатшысы

Комиссия мүшелері

Мағауиқызы Жұмаш
Шарғезова Гүлмира Сәлімгерейқызы

№ 394 учаскелік сайлау комиссиясы

Қаракемер ауылы, Достық көшесі 3, Қаракемер ауылдық клубы ғима-
раты, телефон: 8 (71332) 73-2-00
Оспанов Есенгелді Жолдасқалиұлы - төраға
Ысмағұлов Амангелді Базартайұлы - төрағаның орынбасары
Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Азан Анар Есімқызы
Үмбетов Тілектес Алпысбайұлы

№ 395 учаскелік сайлау комиссиясы

Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғима-
раты, телефон: 8 (71332) 72-0-81
Айжарықов Қоныс Боранбайұлы - төраға
Тынысбаев Марат Елемесұлы - төрағаның орынбасары
Темірова Дәмелі Қонысбайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Құрманғалиев Мейрамбек Әлімжанұлы
Төлеушева Гүлжамал Елубайқызы

№ 396 учаскелік сайлау комиссиясы

Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23, Құмжарған ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
Қойайдаров Сағындық Темірұлы - төраға
Мамбет Қанат - төрағаның орынбасары
Ақетенова Шынар Бақытжанқызы- хатшы

Комиссия мүшелері

Әбішев Бауыржан Шынғұлы
Базаров Нұрболат Әлібилы

№ 397 учаскелік сайлау комиссиясы

Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 39, Ш.Берсиев атындағы модульдік
кітапхана ғимараты, телефон: 8 (71332) 37-5-35
Сүлейменова Жандай - төраға
Әділов Нұрлан Байтүркіұлы - төрағаның орынбасары
Нұрбашиева Гүлнұр Сандығалиқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Ауданбекұлы Бекзат
Қодасбаев Шектібай Құсанұлы

№ 398 учаскелік сайлау комиссиясы

Қарасу ауылы, Ш.Берсиев көшесі 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92
Сағатов Болат Сағынұлы- төраға
Жиенбеков Аманбек Үмбетұлы - төрағаның орынбасары
Өтебаева Алмагүл Арыстанқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Мамбетова Айнұр Бақытқалиқызы
Молдағұлов Сансызбай Әубәкірұлы

№ 399 учаскелік сайлау комиссиясы

Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғима-
раты,телефон: 8 (71332) 73-4-90
Артықбаев Дастан Берекетұлы - төраға
Ұлықпанов Қанат Ұлықпанұлы - төрағаның орынбасары
Сидақова Жакен Сақыпқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Әбдіғалиева Дидар Сағынқызы
Дүйсенова Айзада Смағұлқызы

№ 400 учаскелік сайлау комиссиясы

Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7,Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89
Есниязов Елжас Өтемісұлы - төраға
Нұртаев Дәулет Аманжолұлы - төрағаның орынбасары
Нұрғалиев Азамат Айжарықұлы - хатшы

Комиссия мүшелері

Ізбасарова Тілегүл Ерболатқызы
Асылбаев Асылан Базарбайұлы

№ 401 учаскелік сайлау комиссиясы

Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғима-
раты, телефон: 8 (71332) 74-5-11
Омарова Мейрамгүл Бактығалиқызы - төраға
Аманбаева Бағлаш Тастемірқызы - төрағаның орынбасары
Бисенкүл Айсұлу Жұмабайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Мұқанов Лұқман Қадірұлы
Танатарова Ардак Сериковна

№ 569 учаскелік сайлау комиссиясы

Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, Құрман орта мектебі КММ ғимара-
ты, телефон: 8 (71332) 74-5-23
Өмірғалиев Әлібек Исағалиұлы - төраға
Қалдығұлова Эльмира Сағынқызы - төрағаның орынбасары
Бақытжанова Гүлнұр Елтайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Қожадиясова Арайлым Ғаниқызы
Серікқызы Ақкеркем

№ 402 учаскелік сайлау комиссиясы

Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғи-
мараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
Тайбурын Қази Әлімұлы - төраға
Ахметов Орынғали Сабырұлы - төрағаның орынбасары
Тұрғалиева Әсем Мухамедиярқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Мұхамбетова Жанаргүл Дәукенқызы
Оңайбаева Гүлжан Амантайқызы

№ 404 учаскелік сайлау комиссиясы

Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13,Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50

Дәуленова Гүлбарам Аманжолқызы - төраға
Сисенова Алия Айягановна - төрағаның орынбасары
Сапарова Ұлпан Сапарқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Жолдығалиева Нұргүл Рзағалиқызы
Қамиева Ақмарал Өтегенқызы

№ 405 учаскелік сайлау комиссиясы

Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
Нұржанова Құндызай Құмарқызы - төраға
Султанов Айсә Еленбайұлы - төрағаның орынбасары
Динуллин Еділ Аралбайұлы - хатшы

Комиссия мүшелері

Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы
Сисенова Нұрлы Жолдығалиқызы

№ 406 учаскелік сайлау комиссиясы

Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2,Қараой ауылдық клубы ғимара-
ты, телефон: 8 (71332) 73-7-31
Ысмағұлов Амангелді Сапартілеуұлы - төраға
Досанов Айдар Қосалұлы - төрағаның орынбасары
Қойшығұлова Шынар Қожанқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Қалиева Перизат Жалғасбайқызы
Өтепов Жанболат Шекіртұлы

№ 407 учаскелік сайлау комиссиясы

Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
Әміржанов Құрбанбай Жолмырзаұлы - төраға
Жайғалиев Махамбет Үсенұлы - төрағаның орынбасары
Егізбаева Сандұғаш Амангелдіқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Бөлекбаев Мамай Еркінұлы
Имағанбетова Данагүл Бегалықызы

№ 408 учаскелік сайлау комиссиясы

Кемер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғима-
раты, телефон: 8 (71332) 74-1-45
Төлеуғалиев Уалихан - төраға
Қожантаева Жанат Абибуллақызы - төрағаның орынбасары
Құлашева Қоныршаш Жұмабайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Иманғалиев Ғасыр Алтайұлы
Жұбанов Рүстем Маратұлы

№ 409 учаскелік сайлау комиссиясы

Шикұдық ауылы, Қайрат Рысқұлбеков көшесі 18, Шикұдық ауылдық
клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43
Аяпбергенов Мереке Ерекешұлы - төраға
Бейсова Айгүл Ескендірқызы - төрағаның орынбасары
Аренов Нұржан Қамбарұлы - хатшы

Комиссия мүшелері

Сапарова Мейізгүл Орынбасарқызы
Сисенғалиев Аманбек Орынбасарұлы

№ 410 учаскелік сайлау комиссиясы

Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Тайсойған ауылдық клубы ғима-
раты, телефон: 8 (71332) 74-2-71
Бисенов Балтабай Сырлыбайұлы - төраға
Аманбаев Айжарық Баданұлы - төрағаның орынбасары
Жиеналина Багдагүл Кенжебайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Қалауов Әнуар Дәуленұлы
Қалашева Бижамал Калашқызы

№ 411 учаскелік сайлау комиссиясы

Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9,Ақкемер ауылдық клубы ғимара-
ты, телефон: 8 (71332) 74-0-82
Абылғазин Қалыбек Майлықұлы - төраға
Иманов Алтынбай Жарылғасынұлы - төрағаның орынбасары
Есенова Алпысгүл Бөгетбайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Қилыбаев Нұрбек Мұратбекұлы
Мендіғалиев Қаратай Қожаденұлы

№ 412 учаскелік сайлау комиссиясы

Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
Ақбисенова Алтынзер Забихоллаевна - төраға
Жаманқулов Бактығали Айтқалиевич - төрағаның орынбасары
Тілектесова Аягөз Өсетқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Жақсыбай Ардақ Ермеққызы
Қазиева Назгүл Тұрғалиқызы

№ 413 учаскелік сайлау комиссиясы

Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғима-
раты, телефон: 8 (71332) 74-1-42
Елғондина Дина Майлығалиқызы - төраға
Батырғалиев Нұрлыбек Еңсегенұлы - төрағаның орынбасары
Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Имағанбетова Қалия Қанатбайқызы
Сатыбалдин Бақытжан Мырзалыұлы

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ ҰЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№ 389 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманғазин Бейсұлпа көшесі 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65/1, 65/2; Шернияз Жарылғасұлы көшесі, 65, 66/1, 66/2, 66/3, 66/4, 66/5, 66/6, 66/7, 66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 79, 81, 83, 85, 87; Көкжар көшесі 31, 32А, 38, 39,40,41, 44,45, 48, 53,54,55, 57, 64; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30; Дәуленов Сәлкен көшесі 1, 3, 4, 6, 7, 9, 9А, 10/1, 10/2, 10/3, 10/4, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 16, 17, 19, 20, 22, 25, 29, 33; Екібаев Амантұрлы көшесі 38, 39, 41, 42, 46, 48, 50, 52; Берсиев Шығанақ, Жолмырзаев Байсалбай көшелері.

№ 390 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Құрма-нов Исламғали көшесі 86, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсібадиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманов Исламғали көшесі 25, 27, 31, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 58/1, 58/2, 59/1, 59/2, 60/1, 60/2, 61/1, 61/2, 62/1, 62/2, 63/1, 63/2, 64, 65, 66, 67, 68, 69/1, 69/2, 71, 73, 74,75, 76, 78А, 80, 82, 84/1, 84/2, 88/1, 88/2, 88/3, 88/4, 90/1, 90/2, 90/3, 90/4; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 31, 32, 33, 35, 36, 36А, 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 43, 44, 45/1, 45/2, 46/1, 46/2, 46/3, 46/4, 47/1, 47/2, 50/1, 50/2; Аманкелді Иманов көшесі 6/1, 6/2, 8/1, 8/2, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 13А, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28; Дәуленов Сәлкен көшесі 24/1, 24/2, 26, 35, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2; Ержанов Қуаныш көшесі 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 19/4, 20, 22, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 27, 29, 31, 33; Еркінов Шүкір көшесі 1, 2А, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 9, 9А, 95, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 13/1, 13/2, 13/3, 13/4, 13А, 15/1, 15/2, 15/3, 17/1, 17/2.

№ 391 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Шер-нияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдени-ет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұғыла мәдениет және демалыс орталығының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64; Құрманғазин Бейсұлпа көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 25, 26, 28, 29,30; Құрманов Исламғали көшесі 1, 2, 8, 10, 12, 13, 15; 16, 17, 18, 19, 23, 24; Екібаев Амантұрлы көшесі 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/2, 16, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 31, 32; Масатов Сауыт-бай, Қарақұлов Ишанбай, Оноприенко Николай, Дүсінов Үмбет, Төлебаев Мұса, Қлипанов Отар көшелері.

№ 392 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Аман-келді Иманов көшесі 2, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданы-ның білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл қазақ орта мектебі» комму-налдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 82, 84, 86, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105А, 105Б, 106, 107, 107Б, 108, 109, 110, 111, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 116, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125А, 127/1, 127/2, 127/3, 129, 133, 1

№ 399 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Кептоғай ауылдық округі Амангелді ауылы Астана көшесі 16, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Амангелді ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Амангелді ауылы: Жаңақадам, Алғабас, Ынтымақ, Бейбітшілік, Астана көшелері.

№ 400 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Кептоғай ауылдық округі Қарасу ауылы Алашорда көшесі 7, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қарасу ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қарасу ауылы: Тамдықөл, Мақпалкөл, Алашорда, Ойыл көшелері.

№ 401 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Кептоғай ауылдық округі Кептоғай ауылы Қазақстан көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Кептоғай ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Кептоғай ауылы: Ардагер, Достық, Құрман, Жеңіс, Мектеп, Наурыз, Сапы, Тәуелсіздік, Әл-Фараби, Жамбыл, Мәңгілік Ел көшелері.

№ 569 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Кептоғай ауылдық округі Кептоғай ауылы Мектеп көшесі 4, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» ммлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Кептоғай ауылы: Қазақстан, Абай көшелері.

№ 402 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Кептоғай ауылдық округі Шұбарши ауылы Желтоқсан көшесі 19, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұбарши ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Шұбарши ауылы: Ақсай, Желтоқсан, Ишанбай Қарақұлов, Шығанақ Берсиев көшелері.

№ 404 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Сарбие ауылы Жастар көшесі 13, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Сапақөл ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Сарбие ауылы: Бейбітшілік, Жекенді, Астана, Ақтөбе, Құрманғазы, Махамбет, Жастар, Әйтеке би, Ә.Молдағұлова, Желтоқсан, Жеңіс, Исатай көшелері.

№ 405 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Қаракөл ауылы Абай көшесі 10, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қаракөл ауылы: Абай көшесі.

№ 406 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Қараой ауылы Еңбеккерлер көшесі 2, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қараой ауылдық клубы.
Сайлау учаскесінің шекаралары: Қараой ауылы: Тәуелсіздік, Жетікөл, Еңбеккерлер, Қазақстан-2030, Ынтымақ, Алашорда, Бауыржан Момышұлы, Өркениет, Жасқайрат, Желтоқсан көшелері.

№ 407 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Құбасай ауылы Қызылқорған көшесі 7, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құбасай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Құбасай ауылы: Қызылқорған, Бейбітшілік көшелері.

№ 408 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Саралжын ауылы Бейбітшілік көшесі 15, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» ммлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Саралжын ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Саралжын ауылы: Ө.Дербісәлин, Алаш, Ботагөз-2, Ақтөбе, Қазақстан, И.Құрманов, Көктал, Қ.Шоланов, Таубатыр, Бейбітшілік, С.Керімбаева көшелері; Қоңырат ауылы: Қоңырат, Ойыл көшелері.

№ 409 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Шиқұдық ауылы Қайрат Рысқұлбеков көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шиқұдық ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Шиқұдық ауылы: Теректі, Қайрат Рысқұлбеков көшелері.

№ 410 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Бестамақ ауылы Тайсойған көшесі 6, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Тайсойған ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Бестамақ ауылы: Аялберген, Тайсойған, Жасталап көшелері.

№ 411сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Ақкемер ауылы Жеткіншек көшесі 9, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақкемер ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақкемер ауылы: Жеткіншек, Бекет ата, Қыыл көшелері.

№ 412 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Ақжар ауылы Мектеп көшесі 4, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақжар ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақжар ауылы: А.Иманов, Ш.Берсиев, Кеңес, Қайыңды, Мектеп, Жастар көшелері.

№ 413 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Көсембай ауылы Орталық көшесі 10, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көсембай ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Көсембай ауылы: Ынтымақ, Орталық, Бұлақ көшелері.

СОҢҒЫ САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛҒАНДА

СОҒЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАҒЕРІ ОТАР ҚЛИПАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ, ӨМІРДЕН ӨТКЕНІНЕ 25 ЖЫЛ ТОЛУЫ ҚАРСАҢЫ-НА ОРАЙ ОСЫДАН 25 ЖЫЛ БҰРЫН «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН, ОТЕКЕНМЕН ҚЫЗМЕТТЕС БОЛҒАН ЖАҚСЫЛЫҚ БИСАЛИЕВТІҢ МАҚАЛАСЫН ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА ҚАЙТА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

Қлипанов Отар Мейірманұлы (21.03.1924 - 23.10.1998ж.ж.)

Отан соғысына қатысушы, лейтенант, рота командирі, Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, екі мәрте «Құрмет белгісі», І дәрежелі Отан соғысы орден, дерімен және ондаған медальдармен марапатталған. 1941-1945ж.ж. – Отан соғысына қатысушы.

1946-1950ж.ж – Ойыл аудандық дайындық конторының қызметкері. 1951-1953ж.ж – Ойыл аудандық қаржы бөлімінің инспекторы.

1954-1956ж.ж – Қазақстанның 30 жылдығы атындағы колхоздың басқарма төрағасы.

1957-1961ж.ж- Саралжынсовхозы (қазіргі Құмжарған ауылы) партком хатшысы.

1962-1964ж.ж – Ойыл кәсіптік техникалық училище директоры.

1964-1987ж.ж – «Жетікөл» совхозының директоры.

1988-1994ж.ж – Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Турасын айтсақ, «Ел басқару өнері - өнер атаулының төресі» деген атақты грек философы Демокриттің осыдан 2400 жыл бұрын айтқан сөзін басшылыққа алып, соғыстан кейінгі жылдарда халық шаруашылығын қалпына келтіруге, халықтың еңсесін көтеріп, елді ел етуге, елдің экономикасын арттыруға елеулі үлес қосқан Отар Мейірманұлы Қлипанов сияқты азаматтар.

Ол – «бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін» деген, бүгінде ауызға да алынбай, еріксіз ұмыт қалған, биік мақсатпен жұмыс жасап, тарихта екені сол кездердегі адамдар мен қазіргі ардагерлердің санасынан ұмытылмастай орын алған Кеңес мемлекеті мен Коммунистік партияға қалтқысыз қызмет жасаған жан. Жергілікті ақын Жалғасбай Есенғалиев құрдастарына арнап достық әзіл жазған болатын. Ақша ағаң ақкөңіл ғой аңқылдаған, Қияқбай қытымырлау қалтылдаған. Шаруаның «шежіресі» Отаржан ғой, «Высшийді» бастауышпен алқымдаған.

Ақша Әлқуатов – 1963-1967ж. «Октябрь» (Алтықарасу) совхозының директоры. Жоғары білімді болғанымен, мал шаруашылығынан хабары аздауға болатын, мінезі ашық жарқын, ақкөңіл адам.

Қияқбай Жарықов – 1963-1966ж.ж. Берсиев атындағы совхоз директоры, (Қобдалық) Совет армиясы қатарынан запасқа шыққан офицер. Ауыл шаруашылығынан хабары жоқ, орысқолдау азамат болатын. Олармен салыстырғанда Отекен шындығында да шаруаның қыр-сырына қанық көшбасшы еді. Оның өрқашан байсалды, сырбаз мінезімен халыққа шаруа жайын ұғындырып, алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыра білетіндігінің, шаруашылық, әлеуметтік, мәдени мәселелерді үйлесімді шешу шеберлігінің басты айғағы – ол басқарған «Жетікөл» совхозының 1971ж. «Еңбек Қызыл ту» орденімен, еңбек майталмандары: жылқышы Мұқанғалиев Аманқостың Социалистік Еңбек Ері атағына төңестірілген «Еңбек Даңқы» орденінің толық иегері, ірі қара мал бақташылары Жұмалиев Жұмағазы, Әбішев Құспан, мектеп директоры Тіржанов Атышбай, егіс бригадасының бригадирі Бекеев Тынышбай «Еңбек Қызыл Ту», шопандар Қаплиев Қыдырбай, Алпанов Сайын «Құрмет Белгісі», т.б көптеген еңбек озаттары «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдармен, Отекеннің өзінің жоғары награда Ленин орденімен марапатталуы және сол жылы VIII шақырылған Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайлануы. Жасы жеткен соң Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шығуы. Зейнет демалысына шыққаннан кейін де ол көптеген жылдар бойы аудандық ардагерлер

кеңесінің төрағасы болып, аудан басшылығымен тіл табыса, бірлесе қызмет жасап, жасы ұлғайған Отан соғысына қатысушылар мен зейнеткерлерге, көп балалы аналар мен мүгедектерге, асырушыларынан айырылған отбасыларына ісімен де, сөзімен де көп көмек көрсетті.

Ойылға бір барғанда аудандық әкімшілік ғимаратындағы кабинетіне сәлемдесе кірсем, бұрынғыдай ақжарқын өзілмен қағытпай, налып, шаршаңқырап отыр екен. «Қалайсыз, көңіл-күйіңіз хош болмай отыр ғой?» - дегенімде: «Құлыным-ай, ештеңе білмейтіндей сөйлейсің-ау, ұйтқымалы уақыт, құбылмалы заман, жетесіз сана, жетісіз тәрбие, ауылдағы қалың көпшілік қара халықтың күнкерісі мен өміріне сәйкес келмейтін, жоқшылық пен ұрлыққа, аусар ағаттық пен қиянатқа толы, алдамшы үмітке дөмелендірген, адамгершіліктен ада болған алпысатарлар мен қолында билігі бар ат төбеліндей байларға ғана тиімді заман болды ғой. Өтпелі кезең деп халықты жұбатамыз, тезірек өтіп, Құдайым артының қайырын берсе екен. Осы қызметті қояйын деп отырмын. Зейнетақысын, жәрдемақысын уақытында ала алмай, «үйімде ұным жоқ, малда шөп жоқ, біздің жайымызды басқа адам білмесе де, сен білесің ғой», - деп жәу-тендеп келген мүсепірлерге жәрдем көрсете алмағаннан артық қорлық жоқ екен», - деп терең күрсінген. Әрине, біздің бұл пікіріміздің қазіргі бойында қуаты, қолында қызметі, билігі бар күйлілерге ұнамауы хақ. Дегенмен 1993-1997 жылдардағы елдегі жағдайдың осындай екені анық.

Сонымен ардақты ағаңыз өзінің саналы өмірінде Отан қорғауға, елге, халыққа, Кеңес мемлекеті мен Коммунистік партиясына қалтқысыз қызмет етіп, 74 жыл, 7 ай, 2 күн соққан абзал жүрегі аудандық мәдениет үйінде Республика күні мерекесіне арналған жергілікті ақындар айтысына әділ қазылар алқасының бірі ретінде арнайы шақырумен зайыбы Шайзада апамен бірге келе жатқан жолында қазан айының 23- жұлдызы, ислам діні бойынша қасиетті күн жұмада, кешкі сағат сегіздер шама-сында соғуын кенеттен тоқтатты.

Мен 1973-1975 жылдары ол басқарған «Жетікөл» совхозында партия комитетінің хатшысы болып қызмет жасағаным. Өзінің жасы мен абырой-беделі, мәртебесі мен атақ-дәрежесінің көп жоғары болғанына қарамастан, ол мені сыйлас-сырлас іні тұтатын. Сол жылдарда науқанды қауырт жұмыстар кезінде шаршап қиналғанда, жүрегі сыр беріп ауырып-сырқағанда Отекен: «Шырағым, ерте болсын, кеш болсын, әйтеуір өзекті жанға бір өлім болары анық. Өлімнің де бақыттысы болады. Бала-келіп мен сөмьяға қадірімді кетірмей, елге, партияға адал қызмет етіп, қамыт астында абыроймен өлсем, арма-ным жоқ», - дейтін. Сөйтіп, оның ізгі арманының соңғысын да Ал-ласы қабыл етті. Жалған фәниден мәңгілік бақилық өміріне Республи-калық дәрежедегі дербес зейнеткер бола жүріп, қоғамдық қызмет бабында – өзі арман еткен қамыт астында абыроймен аттанды. Дер-реу аудан әкімдігі мен ардагерлер кеңесі тарапынан жерлеу комис-сиясы құрылып, марқұмның мәйіті салынған табытты аудандық мәдениет үйіне қойып, халықпен қо-штастыруды жөн деп шешкен. Бұл жөнінде Стамбул жоғары діни ме-дреседе үш жыл дәріс алған Көкжар мешітінің бас имамы Кәкиев Алтын-бекті хабардар еткен. Бірақ ол «Ме-нен Түркияда оқығанымда қолымды Құранға қойғызып ант алған, онда мұсылманды табытқа салуға рұқсат етпейді. Ондай жағдайда мен діни қызмет көрсете алаймын», - деп сы-пайы мәлімдеген. Бұл Алтынбектің шыны еді. Түркияда діни талаптың қатаң екені рас. Жерлеу комисси-

ясы Шайзада апамен ақылдасып, Саралжындағы маған өзі келіп, марқұмның жаназасын шығарсын, табытты да сол жақтан жасатып әкелсін деген хабар қойды. Талқы-лауға, себеп-сылтау айтуға бол-майтын қауырт жағдай. Комиссия тапсырмасын орындауға тура келді. Біз басшылыққа алып жүрген Нұралы Өсерұлы мен Жұмабай Мақашұлының тәржимасымен 1991 жылы Москвада шығарылған 6 томдық Құранда және оның мағы-насы жөніндегі түсіндірмеде: III том 606-бетте «Исламда табытқа салып көмбейді, бірақ себепті жағдайда табытпен көмуді де тыймаған» деп жазылған. Соңғы сапарға аттанған талай мемлекет қайраткерлері мен ғылым-өнер саңлақтарының мәйіті табытқа салынып, мәдениет сарай-лары мен театрларға, ғылым орда-ларының ғимараттарына қойылып, халықпен қоштастырылуы біздің мемлекетімізде қалтқысыз құрмет пен ардақтау әдебі мен әдетіне ай-налуының дінге қайшылығы жоқ. Себебі, дін де қатып қалған дог-ма (дәлелденбеген қағида) емес, Ислам дінінің бас кітабы қасиетті Құран-Кәрім ғылыми-философи-ялық патуалар жинағы. Әрбір мем-лекеттің, елдің табиғат, қорлық, халқының қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүріне (Ханафи мазһа-бының нұсқауы да солай) сәйкес діни патуа-нұсқау талап та сол ел жағдайына сәл икемделеді. За-ман-өмір, мемлекеттік құрылыс пен билік аз да болса, халық талабына сай өз ықпалын жасайды.

Қазақта: «Алласы аузына сөз са-лады» деген бар. Сол рас қой дегімін. 1992 жылдың қаңтарында менің анам дүниеден өткенде оның өсиеті бойынша жаназа намазын оқығанмын. Анам Ожырай-Құр-манқожа-Тоқсаба, 1920-1930 жыл-дары Талдықұмсайда мешіт ұстап, балалар оқытқан Тоқмағанбет мол-даның қызы. Бес уақыт намазы мен оразасын қаза жібермеген тақуа адам. 1956 жылдан бері мені үйде оқытып-үйретіп жүретін. Өзіне же-тетін арабша да, латынша да, сау-жойда (ликбез) оқыған жанаша да сауаты бар. 1942-1945 жылдары «Тамдықөл» колхозында басқарма төрайымы болып, қызмет атқарған болатын. Сонда Отекен: «Әй, Ай-тжанович. Сен апамның Құдайдан бір, адамнан екі сұрап алған жалғыз баласы едің, еңбегің қаңтарыңда мен өмірден өтсем, діни жөн-жоралғы саған аманат. Сен өкене емес, біздің апайға тартып, адам болған екенсің», - деп, дауысы дірілдеп, бізге байқатпай көзіне жас алып, сөзінің аяғын әзілге айналдырған. Міне, сол өсиет-міндет, аманатты орындауға тура келді. Абзал ағамен қоштасуға мәдениет үйіне жасы-на, ұлтына, қызметіне қарамастан келген халық сыймай, көпшілігі ке-зек күтіп, көшеде тұрды. Қаралы қоштасу жиынында Ақтөбе облы-стық партия комитетінің хатшысы болып, жиырма жыл абыроймен қызмет атқарған Кеңес аға Нокин, Ойыл аудандық атқару комитетінің төрағасы, Ырғыз, Қарабұтақ аудан-дық партия комитеттердегі бірінші хатшысы болып жасаған Кемейдол-ла аға Төлеубаев, Ойыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшы-сы болған Әнуар Бекмұхамбетов, Темір ауданының әкімі-інісі Болат Әбішев, құрдастары: Хайролла Қы-дырбаев, Жалғасбай Есенғалиев, т.б. көптеген замандастары, қызмет-тестері, жақын туыстары оның биік адамгершілігі мен парасаттылығын, қайырымдылығы мен қамқорлығын, іскерлігі мен дос-жолдасқа, ағай-ын-туысқа деген пәк көңілін ай-тып, жүрек тебірентерлік сөз сөй-леді. Зайыбы Шайзада апаға, інісі Аманғосқа, балалары Аманжолға, Серікке, Беріктерге, көпіндері: Нұр-сұлға, Амансұлға, Зульфияға, Тынышқұлге Отекеннің көзі тірісінде бетіне тіке қарамай, алдынан көл-денен өтпей, айтқанын екі етпей,

шексіз қамқорлық, аялап, оның абы-рой-беделі мен даңқының биіктеуіне қосқан зор үлестері үшін ризалықта-рын білдіріп, болған іске болаттай берік болуға өтініш жасап, шынайы достық көңілдерін айтты. Мекеме, шаруашылық, кәсіпорын, мектеп ұжымдары қимас көңілдің куәсі ретінде оның табыты қойылған биікті азағұлге толтырды.

Отекенді соңғы сапарға аттандыру рәсіміне байланысты алыс-жақын-нан келген қонақтарды орнала-стыру, қонақасы-садақасын ұй-ымдастыру ісіне орай жерлеу комиссиясымен бірге оның сыйлас, қызметтес болған өкшелес інілері: Еркін Мырзағалиев зайыбы Ұлзи-памен, Әбдіғали Аралов зайыбы Рыстымен, Қадырғали Сармұқанов зайыбы Қазиммамен, аудан әкімі Ға-лиз Займолдин зайыбы Қатиммамен күні-түні тікесінен тік тұрып, ілтипат-пен қызмет көрсетті. Отекеннің елге сыйлы, қадірлі азамат екенін қалың көпшілікке тағы да паш етті. Аталған азаматтар абзал ағаны құрметтеу арқылы өз адамгершілігі мен абы-рой-беделдеріне өсіре білді. Олар-дың осы адамгершілік деңгейі мен игі істері кейінгі толқын жастарға үлгі болуға лайық деп есептеймін. Мәйіт салынған көлікке ілескен қа-ралы керуен автомашиналар легі зират басына бет алып, алды жеті шақырым жердегі Қаңқайға жеткен-де соңы көпідрен жаңа етіп жатты. Жауапты шақ та жетті. Мәйіттің жамбасын топыраққа тигізіп, қимас Отекенді бақилық-ғұмырына – Жер Анаға табыс еттік.

Аға қабірінің басында қасиетті Құранның беделді «Йасин», «Аятұл Құрси» сүрелерін оқып: Бар ғаламды жаратқан, Ырыздық беріп қаратқан. Он сөгіз мың ғаламның, Падшасы Құдайым, Өтініш етіп сұраймын: Фәниден көшіп бақиға, Сапар еткен пенденді, Рақым етіп жарылқа. Қараңғы көрдің ішінде, Нұрдың шамын жақтырып, Шығарғайсың жарыққа, Түсіре көрме тамыққа. Таңда машқар күнінде, Оңдағайсың сапарын. Бар ғаламның жоқасы, Пазылымнен жарылқап, Мейірманұлы Отарға, Жұмақтан орын бергейсің. Әлхамду лиллаһи рабил ғаламин, Әмин!- деп дін Ислам жолымен ба-та-дұға жасадық. Қызметтес болған, ұстаз тұтқан ағаға деген сөзімімді екі шумақ жыр жолына сыйғызып: Ары таза жан едің, Отеке, ел құр-меттеген, Сен де өттің өмірден дүрмекпенен. Саған деген көңілде сыйластық бар, Дүрмекпенен жүрсек те, кірлетпе-ген.

Күз де келіп, жүдеу тартты атырап, Ағаштардан ұшып түсті жапырақ. Қоштасамыз өзімізнен, Отеке, Лейште бол, торқа болсын топырақ. Қайыр, қош деп қимастық, сыйла-стық, сырластық, інілік борышымы-зды өтеп, қоштастық. Жерлеу рәсімі аяқталған соң, аудан әкімі Ғазиз: «Жәке, біздің машинаға отыршы, жолшыбай өңгімелесейік» - деп әкімдіктің қызыл түсті УАЗ-ына отырғызды. «Шаруа деп шапқылап жүргенде Отекенді жете білмеген екенбіз. Ол шын мәнінде аса құр-метті адам екен ғой. Облыста, ау-дандарда жоғары лауазымды қыз-мет жасаған басшы азаматтардың қатысуы, ұлтына, жасына, қызметі-не қарамастан халықтың аса көп жиналып, жүрек тебірентерлік сөз сөйлеп, қоштасу құрметін көрсет-кенде толық сезінімді» - деп тебірән-ді. Шындығында да Отекен осындай аса құрметке лайық, үлкен өріппен жазылатын АДАМ болатын. Жара-тушы Ие, Рухын Жәннатта нұрлан-дырсын, Әмин!

Жақсылық БИСАЛИЕВ, 1998 жыл.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Ойыл Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1326 дана. Тапсырыс 1333 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.
--	---	---

ЖЕҢІС - ЧЕМПИОН! ҰСЫНЫМ ҚАБЫЛДАНЫП, МӘСЕЛЕЛЕР АТҚАРУШЫ ОРҒАНҒА ЖОЛДАНДЫ

Республикалық “Жұлдызай” спартакиадасында Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 9 класс оқушысы Жеңіс Болатов ұлттық ойын “Асық ату” бойынша 1 орынға ие болды. Шәкіртіне үздіксіз дайындықпен нысананы көздетуді үйреткен, өз ісінің хас шебері, жетекшісі қазақтың ұлттық ойынын насихаттап жүрген Нұрлыжан Мұқашевтың еңбегі де ұшан-теңіз!

Республикалық додада Ақтөбенің абыройын қорғап, Ойылдың даңқын аспандатқан Жеңістің алда да алар асуы мен жетер жетістіктері көп болсын дейміз!



ЖАНЫҢДА ЖҮР - ЖАҚСЫ АДАМ!



Ризашылық – адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, алғыс білдірушілік сезімі. Осындай ризашылық айтуға тұрарлық жан деп «Анвар» АҚ бас

директоры, облыстық мәслихат депутаты, Ойыл қазақ орта мектебінің түлегі – Талғат Маратұлы Салфиқовты айтуға болады.

Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді...» демекші, үш жыл қатарынан жасалып келе жатқан игі шарасының бірі – аудан бойынша мектеп табалдырығына жаңа қадам басқан бүлдіршіндерімізге өз қаражаты есебінен мектеп сумкасы, оқу құралдарын алып беріп оқушыларды қуантты. Сонымен қатар, өзі білім алған мектебіне музыкалық аспап, мәжіліс залын заман ағымына қарай жабдықтауға демеушілік жасап қолдау көрсетті. Жақсылық жасау – кез-келгеннің қолынан келетін іс емес, жүрегі жақсылық пен ізгілікке толы

адам ғана жасай алады. Кәсіпкер ағамыз көмекті тек мектеп оқушыларына емес туған елінің өркендеуіне үлес қосып жүрген азамат. Жасап отырған демеушілігін азаматтық парызым деп есептейді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» дегендей, жақсылық жасап, еліміздің болашағы, оқушылардың жанын жадыратуға себепші болған демеуші ағамызға Ойыл қазақ орта мектебінің ата-аналары, білім алушылары және ұжымы атынан ризашылығымызды білдіреміз. Ендеше, жүрегі елім деп соққан, елге қамқорлық танытып жүрген мейірбан, жақсы адамдар көбейе берсін!

А. Жақыпбекова,
Ойыл қазақ орта мектебінің
әлеуметтік педагогы.

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ НОТАРИАЛДЫ ҚУАЛАНДЫРЫЛҒАН КЕЛІСІМІН РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

Енді ерлі-зайыптылардың нотариалды қуаландырылған келісімін eGov mobile қосымшасында онлайн түрде ресімдеуге болады. ҚР Әділет министрлігінің, республикалық нотариаттық палатаның және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелері арасындағы интеграция азаматтарға нотариаттық бармай ақ нотариат қуаландырылған құжаттарды бірнеше минут ішінде қуаландыруға мүмкіндік береді. eGov мобильді қосымшасының «eNotary» қызметінде ерлі-зайыптылардың келісімін талап ететін құжаттарды ресімдеудің қосымша опциясы пайда болды. Келісім онлайн режимінде биометриялық тексеруден өту арқылы жасалады, содан кейін нотариус клиенттің деректерін тексереді, одан кейін келісімді растағаннан кейін нотариалды қуаландырылған құ

жат жасалады.

«Өздеріңіз білетіндей, ағымдағы жылдың сәуір айында eGov mobile мобильді қосымшасында «eNotary» қызметі іске қосылды және бүгінде ол қазақстандықтар арасында танымал. Азаматтардың осы қызметті пайдалана отырып, әлемнің кез келген нүктесінен қажетті құжатты қуаландыруға мүмкіндігі бар. Бұл қызмет ыңғайлы, өйткені құжаттарды ресімдеу үшін нотариусты іздеп, оған барудың қажеті жоқ. Енді ерлі-зайыптылардың келісімін бірнеше минут ішінде онлайн режимінде алуға болады, - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Ерлі-зайыптылардың келісімін алу үшін:

- eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өту;

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

- басты бетте «eNotary» қызметін ашу;
- тізімнен әрекет түрін таңдау - «келісім»;
- өтініш формасын толтыру және биометриялық тексеруден өту;
- бейнеқоңырау арқылы жұбайының келісімін алу;
- нотариалдық қызметке ақы төлеу қажет.

Бейнеқоңырау аяқталғаннан кейін пайдаланушы «Нотариаттық іс-әрекеттер» бөлімінде өтінімнің мәртебесін көре алады. EGov Mobile қосымшасының «Цифрлық құжаттар» бөліміндегі QR коды сканерлеу арқылы бейнекамераның көмегімен ресми қуаландырылған сенімхаттың түпнұсқалығын тексеруге болады.

Жаңа сенімхат «Цифрлық құжаттар» сервисінде қолжетімді болады және оны талап ету орны бойынша ұсынуға болады.

ӨНЕГЕЛІ ІС - ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Сүлеймен патшаның жүзінде «Дүние жалған» деген жазу болыпты. Бұл түсіне білген адамға үлкен философия.

Осы ретте қып-қысқа фәни жалған өмірдегі аз-кем молшылық пен байлыққа мастанбай, ұрпаққа үлгі боларлықтай артында өнегелі іс қалдыру- ақылды адамның ісі. Осыған орай, бүгінгі тіршілікті місе тұтпай, ата-бабалардың өткен тарихына зерделі көзбен қарап, бабалардың өткен жолына үңілу, ондысынан тәлім, терісінен сабақ алу, тиісті бағасын беру - есер елдің дәстүрі. Осындай игі де, сауапты істі жүзеге асыру мақсатында жеке кәсіпкер, абыройлы азамат Қарамолдин Ізбасар бауырларымен, туыстарымен ақылдасып, өткен жылы есімі руға берілген Жамаладдин ұлы Майлы бабасының рухан қастерлеп, ескерткіш-нысан орнатуды шешкен.

Қалыптасқан заңдылық тәртібі бойынша Саралжын ауылдық округінің қоғамдық кеңесіне өтініш жасап, оның шешімімен қажетті 200 шаршы метр жобасында жер алған. Бұл шешімді аудандық жер комиссиясы мақұлдаған. Ескерткіш орнатуға бастамашыл топ құрылып, қажетті қаражаты жиналып, Алматы шеберханасында күмбезді монумент жасатқан. Биылғы жаз бойы еңбектеніп, құрылысты аяқтап, жуық арада салтанатты ашып, тарихи-танымдық іс-шара өткізбек. Бұл жердегі сәл ірікілік кедергі облыстық ономастика комиссиясында тіркелу мәселесіне тіреліп тұрған сияқты.

Облыстық ономастика комиссиясын кінәлаудан аулақпын. Оларға тарихи және мұрағаттық құжаттардың болмауы күмән туғызуы әрден ықтимал.

Осы олқылықтың орнын толтыру, біткен істі аяғына дейін жеткізу мақсатында өлкетанушы және әуесқой шежіре зерттеуші ретінде төмендегі мәліметтерді аргумент-дәлел ретінде ұсынамын:

Ғ.Төреханов пен Б.Бабажанұлының 2009 ж. «Атадан-ұлағат, Ұрпаққа аманат» кітабының 79-бетіндегі шежіре кестесі бойынша: Өлімнен Ақкетенің атасы Тайқожа туады ≈1450 ж. шамасы Тайқожадан Тұрсынбай ≈1480 ж.ш. – Нұртаза ≈1510 ж.ш. – Мұңайтпас ≈ 1540 ж.ш. Мұңайтпас сол заманның сауатты адамы болғанға ұқсайды. Әйелі татар қызы болуы мүмкін деп топшыланады. Балаларына Бағаддин, Жамаладдин деп ат қойыпты. Кіші баласы Жамаладдиннен Майлы≈ 1595 ж.ш., Қоңыр ≈1600 ж.ш. туған.

Қоңыр қол бастаған батыр және би болған. Ал Майлы көріпкел әулие, Қоңырдың кеңесшісі, ақылгөй болыпты. Майлы бірге барған жорықтарда Қоңыр батыр үнемі жеңіспен, олжалы оралған. (Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университетінің ұстазы, ғалым Есентүгел Әзидің «Көне күннің күмбірі» кітабы 2019 ж. 94-бетте)

Майлы ұрпақтарының негізгі жайлаған мекені – Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Саралжын жері. Халық ұғымында Саралжын Байқошқар руының жері болып

есептелінеді, ол дұрыс. Шежіре бойынша Майлының әкесі Жамаладдин мен Байқошқардың әкесі Бағаддин бір туған-Мұңайтпасың балалары. Сонда Майлы мен Байқошқар бел немере туыс, ауылы аралас, малы қоралас. Әлі де солай.

1927 жылы алғашқы ұжымдастыру кезінде «Майлысай» серіктестігі құрылып, оның басқармасы Байнияз болыпты. Сол жылы 8 оқушысы бар Майлысай бастауыш мектебі ашылған, ол қазіргі Ө.Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебінің негізі деп есептеледі, бұл мектепке биыл 96 жыл. («Ойыл» энциклопедиясы 2010 ж. 32-бетте)

«Майлысай» - Майлы бабаның есіміне берілген бұлақты сай, Саралжын-Кемер ауылының шығысында 6 км жерде. Майлы баба ұрпақтарының игі істері жөнінде жоғарыда көрсетілген Құттығай батырдың өмірі мен ерлік жолына арналған «Көне күннің күмбірі» кітабының 197-бетінде тарихи-мұрағаттық мәлімет жазылған.

Бұл жерде ұсынылатын:

I аргумент-дәлел: Есімі руға атау болған Майлының шын мәнінде қайраткер, елі алдында зор бөленде ие екенін ескеру керек;

II аргумент-дәлел: Ұйымдастыру кезінде құрылған Саралжын жеріндегі алғашқы серіктестік пен мектепке «Майлысай» атының берілуі.

Совет мемлекетінің қырағылығы сондай: «Он рет өлшеп, бір рет кеспей», кімнің кім екенін зерттемей, жайдан-жай атау бермейтін ескерген жөн.

Жақсылық БИСАЛИЕВ,
Өлкетанушы, Ойыл ауданының Құрметті Азаматы,Саралжын ауылдық округінің қоғамдық кеңес мүшесі



Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Жиынды кеңес төрағасы Берік Бисекенов ашып, кеңестің күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Отырысқа аудандық қоғамдық кеңестің мүшелері, аудандық бөлім басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың және БАҚ өкілі қатысты. Сондай-ақ, отырысқа аудандық мәслихаттың төрағасы Сәкен Займолдин, аудан әкімінің орынбасары

Мұратбай Айдарбаев қатысты. Күн тәртібіндегі екі мәселе - «Ауданда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер қорларын тиімді пайдаланудағы мәселелер туралы» аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Мәулен Төремұратов пен «Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі ММ-нің атқарған жұмыстары туралы және «Ауыл аманаты» жобасы жөніндегі мәселелерді аудандық кәсіп-

керлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Абат Мұбарак-ов хабарламалар жасап, атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. Кеңес мүшелері қаралған мәселелерді талқылай отырып, өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.Кеңес жұмысын кеңес төрағасы Б. Бисекенов қорытындылап, айтылған ұсыныс-пікірлер ескеріле отырып, ұсыным қабылдап және орындалуы бақылауда болатынын білдірді.

ТУҒАН ЖЕР

Оттан да ыстық отаным,
Өзіңнің менің жыр-өнім.
Қанаты әлі қатпаған,
Мен болам бала қыраның.

Өзен-көлін, тау-тасың,
Бәрі де ыстық, бәрі де,
Өзіңе арнап туған жер,
Жыр жаза берем әлі де.

Бөлеген жырға жанымды,
Рахмет, саған туған жер!
Құлындай шауып ойнаған,
Жүгіріп сағым құған жер.

Еселеп әлі қайтарам,
Қарызбын саған білемін.
Сеніммен оны айта алам,
Мақтан қып мәңгі жүремін.

Өзіннен жырақ кетсем де,
Мен саған өзге емеспін.
Оралам саған жылы ұям,
Өзіме мәңгі керексің!

Әділет ЕЛЕУОВ,
Ойыл ауданы Ш.Берсиев
атындағы орта мектептің
кітапхана жанындағы «Жас
тілшілер» клубының мүшесі.

«ҰЛКЕНДЕР ЖОЛЫ ҰЛЫЛЫҚ»




Ауданның денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып, сүбелі үлес қосқан, бүгінде адал еңбектің зейнетін көріп отырған еңбек ардагерлерінің та-рихытағы баға жетпес орнын паш ету, олардың өмір жолымен жас ұрпақты құрметтеуге, адамгершілікке, сыйлап түсіне білуге үйрету, дәрігер мамандығының қыры мен сырын ұғындыру және медицина қызметкерінің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында маңызы зор кездесу кеші өтті.

Ойылдағы орталық кітапхананың «COVORKING» орталығында өткен кездесуде еңбек ардагерлері қызмет барысында болған қызықты оқиғаларымен бөлісіп, қызығы мен қиындығы мол медицина саласының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды.

Бас дәрігер Сәндібек Нұрбаев еңбек ардагерлерінің еңбек күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, қатысушылар арасында ойындар ойнатылып, кәсіподақ ұйымы атынан сыйлықтар табысталды.

ОБА — АСА ҚАУІПТІ АУРУ

ОБА — АСА ҚАУІПТІ ЗООНОЗДЫ ТАБИҒИ ОШАҚТЫ КАРАНТИНДІК ЖАҒПАЛЫ АУРУ. ОБАНЫҢ ӨКПЕЛІК, ІШЕКТІК, ТЕРІ – БУБОНДЫҚ, СЕПТИКАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ БОЛАДЫ. СЕБЕБІ ОБА, БАКТЕРИЯЛЫҚ ТОБЫНА ЖАТАТЫН ТАБИҒИ – ОШАҚТЫ ЖАҒПАЛЫ АУРУ; АДАМҒА ЖАНАСУ, АУА – ТАМШЫ ЖӘНЕ АЛИМЕНТАРЛЫҚ ЖОЛМЕН ЖҰҒАДЫ,СОНЫМЕН ҚАТАР ТАСЫМАЛДАУШЫЛАР – БҮРГЕЛЕР АРҚЫЛЫ ЖҰҒАДЫ, КАРАНТИНДІК ИНФЕКЦИЯҒА ЖАТАДЫ.



Табиғатта түрлі кеміреушілер арқылы таралады. Адамдарға кемірушілерден, не бүргелерден жұғады. Кемірушілер денесінде 4 - 5 ай, бүргелерде 1 жылға дейін тіршілік етеді. Жүгу жолдарына қарай обаның бірнеше түрі бар. Мысалы, ауалы – тамшылы жолмен жұққанда өкпе обасы; тағам арқылы – ішек обасы; жанасу арқылы (мал сойғанда, терісін сыпырғанда, т.б) не трансмиссивтік (бүрге шаққанда) жолмен жұққанда тері – бубон обасы,

сирек септикалық түрлері да-миды. Ауру тез тарайды. Ауру қоздырғышы сау адамға науқас адамнан жұғады. Аурудың жасы-рын кезеңі бірнеше сағаттан 3 - 6 күнге дейін созылады. Ауру аяқ астынан басталады, науқастың температурасы 39 - 40°С-қа көтеріліп, басы айналады. Организмнің күшті улануынан адам құ-рқылы (мал сойғанда, терісін сыпырғанда, т.б) не трансмиссивтік (бүрге шаққанда) жолмен жұққанда тері – бубон обасында бүрге

шаққан жерге жақын орналасқан лимфа безі ісініп, бұршақ дәнін-дей қызыл түсті бөрткен жарылып жараға айналады.

Аурудан алдын ала сақтандыру үшін ауру шыққан жерлерге эпизоотологиялық және эпидемиологиялық тексеру жүргізіледі; сол аймақтағы тұрғындардың денсаулығы үнемі бақылауда болады; ауру ошағы дамыған жерге дератизациялық дезинсекция және дезинфекциялық, санитарлық - ағарту жұмыстары жүргізіледі; шет елге баратын жолаушыларға обаға қарсы вакцина егіліп, ал келушілерге арнайы бақылау жүргізіледі. Емі: науқас адамды арнайы ауруханаға жатқызып, патогенетик (әр түрлі ерітінділер құю) этиотропты (антибиотиктердің бірнеше түрін бірден енгізу), гормондық препараттармен емдеу; карантин жариялау. Қазақстанда оба індеті бойынша жүргізілетін шараларды Қазақ-карантиндік және зооноздық инфек-циялар ғылыми орталығы атқара-ды. Республиканың 10 қаласында обаға қарсы күресу бекеттері мен олардың 13 ауданда бөлімшелері бар.

Г. ДОСНИЯЗОВА,
Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зертханашысы.